

**«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша
«Мен өз өлкемді зерттеймін» жобасы аясында оқушылардың
«Менің Отаным-Қазақстан» облыстық слетінің өткізу шарттарымен
бағалау критерийлері**

I. «Тарих қойнауында» - өз өлкесінің, елді мекеннің тарихын, ауыл шежіресін, топонимикасы туралы іздестіру-зерттеу жұмыстарының бейнеролигін ұсынады. Оқушы бейнеролигін ұсынбастан бұрын визит карточкасын және жұмыстың мақсаты мен міндетін таныстырып өтеді.

Слетке қатысушылар бұқаралық ақпарат құралдары өнімінің жанрын өздері анықтайды (сұхбат, репортаж, бейнеклип және т.б.). Роликте мұрағаттық және қазіргі заманғы фотосуреттер, кинохабардан үзінділер және т.б. қолдануға болады. Бейнеролик (avi) форматында ұсынылуы тиіс. Бейнеролик ұзақтығы 5 минутқа дейін. Бейнеролик CD немесе DVD дискісінде жазылуы керек. Бейнеге рұқсат 1920x1080,25 с/кадр кем емес.

№	Шарттары	Жоғары ұпай
1.	Тақырыпқа сәйкестігі	5
2.	Түсірімнің ерекшелігі және сапасы	10
3.	Бейнеқатардың сапасы монтаждау қиындығы	10
4.	Дыбыстық сапасы	10
5.	Уақытқа сыйымдылығы	5
6.		40 ұпай

II. «Сөнбес жұлдыздар» - белгілі қоғам қайраткерлерінің, әдебиетшілердің, ғалымдардың, еңбек ардагерлерінің т.б. өмір жолдарын, өз өлкесінен шыққан белгілі адамдардың өмір жолдары туралы тұсаукесерін қорғайды;

Тұсаукесерді құру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету - **PowerPoint (MS Office)**, әсіресе материалдарды визуализациялаудың (фотосуреттер, суреттер және т.б.) әртүрлі тәсілдеріне ерекше назар аудару керек. Тұсаукесерлер қосымша бағдарламалық қамтамасыз етуді алдын-ала орнатпай-ақ қарауға жарамды болуы керек, жұмыстарда лицензиялауға жататын кез келген элементтерді пайдалануға жол берілмейді. Тұсаукесердің ұзақтығы 5 минуттан аспауы тиіс.

№	Шарттары	Жоғары ұпай
1.	Іздестіру-зерттеу жұмысының құрылымы және мазмұны	5
2.	Өзектілігі және жаңашылдығы	5
3.	Зерттеу элементтері	20
4.	Зерттеудің көрнекілігі	5
5.	Қорғаудың сапасы	10
6.	Сұрақ-жауап	5
		50 ұпай

III. «Рухани қазына» - туған өлкесінде тұратын, өңірдегі халықтардың ерекше дәстүрлерін, этнографиясын, аңыз әңгімелерін эссе түрінде ұсынады;

Эссе - әдеби жанр, кішігірім көлемді және еркін композицияның прозалық құрамы. Эссе 14 шрифт 1,5 аралықта (MS Word) басылуы тиіс, жалпы көлемі (шамамен) 1-2 беттен басталады. Эссе слеттің өту барысында жазылады. Уақыты:45 мин.

№	Шарттары	Жоғары ұпай
1.	Тақырыптың ашылуы	5
2.	Автордың көзқарасы, логикалылығы және жүйелілігі	10
3.	Қоғамдық көзқарасты дәлелдермен, тәжірибемен жеткізуі	10
4.	Сөздік қоры, стилі, сауаттылығы	5
		30

«Ескерткіштер ел тарихы» - өлкеміздегі тарихи-мәдени ескерткіштер туралы, ауылдағы ескерткіштер, археологиялық, палеонтологиялық ескерткіштер, қалашықтар мен қалалар; ежелгі қоныстардың қалдықтары; адамның еңбек қызметін сипаттайтын ескерткіштер; тасқа және үңгірде қашалған жазулар. Табылған жекелеген қазбалардың орындары, көнеден қалған тарихи ескерткіштері балбал тастардың орналасқан жерлерін анықтап, олардың тарихи құндылығын анықтаған іздестіру – зерттеу жұмыстары қорғалады.

№	Шарттары	Жоғары ұпай
1.	Іздестіру-зерттеу жұмысының құрылымы және мазмұны	5
2.	Өзектілігі және жаңашылдығы	5
3.	Зерттеу элементтері	20
4.	Зерттеудің көрнекілігі	5
5.	Қорғаудың сапасы	10
6.	Сұрақ-жауап	5
		50 ұпай

V. «Табиғат және экология» Туған өлкесінің флорамен фаунасы зерттеп ғылыми-зерттеу жұмыстарын қорғайды;

№	Шарттары	Жоғары ұпай
1.	Іздестіру-зерттеу жұмысының құрылымы және мазмұны	5
2.	Өзектілігі және жаңашылдығы	5
3.	Зерттеу элементтері	20

4.	Зерттеудің көрнекілігі	5
5.	Қорғаудың сапасы	10
6.	Сұрақ-жауап	5
		50 ұпай

VI. «Туған өлке соқпақтары» өңірде өткізілген туристік-экспедициялық маршруттарды презентациялау. Топ туристік – өлкетанулық экспедиция кезіндегі маршруттың бейнеролигін ұсынады.

Оқушы бейнеролигін ұсынбастан бұрын визит карточкасын және жұмыстың мақсаты мен міндетін таныстырып өтеді.

Бейнеролик (avi) форматында ұсынылуы тиіс. Бейнеролик ұзақтығы 5 минутқа дейін. Бейнеролик CD немесе DVD дискісінде жазылуы керек. Бейнеге рұқсат 1920x1080,25 с/кадр кем емес.

Бейнероликте бағдар картасы, өлкетану нысандары, бағдардың рөлі, маңызы және ерекшеліктері көрсетілуі тиіс. Қатысушылардың аталған экспедицияға қатысқандығын растайтын фотосурет, экспедиция есебі қосымша болуы міндетті.

№	Шарттары	Жоғары ұпай
1	Тақырыпқа сәйкестігі	5
2.	Түсірімнің ерекшелігі және сапасы	10
3.	Бейнеқатардың сапасы монтаждау қиындығы	10
4.	Дыбыстық сапасы	10
5.	Уақытқа сыйымдылығы	5
6.	Экспедиция есебі	10
		50 ұпай

Іздестіру-зерттеу жұмыстарының талаптары:

Бірінші бет - нөмір қойылмайтын тақырып беті. Жұмыста жұмыстың мақсаты, әдісі және қорытындысы көрсетілуі тиіс. Жұмыстың көлемі 10-15 беттен аспауы керек (шрифт 14, жоларалығы1,5), оның ішінде:

1. Мазмұны.

2. Кіріспе - жұмыстың өзектілігін көрсетеді және таңдалған тақырыпты дәлелдейді. Сіздің жұмысыңыздың мәселелерін ашып, осы саладағы бұрын жүргізілген зерттеулер туралы, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар туралы айтып беру керек.

3. Негізгі бөлім: материалдар мен әдістер, зерттеу аймағының физикалық-географиялық сипаттамасы, жұмыс нәтижелері, жұмыстың нәтижелерін талқылау, тұжырымдар, ұсыныстар.

4. Әдебиеттер тізімі. Сіз өзіңіздің жұмысыңызда сүйенген әдебиеттерді жазуға арналған ережелер:

А) авторлар алфавиттік тәртіпте жазылуы тиіс;

Б) егер бұл журнал болса, алдымен мақаланың атауын жазыңыз, содан кейін журналдың атауы, шығарылым нөмірі және беті;

В) баспа үйі және жарияланған жылы.

Қосымшалар мен көрнекіліктер жалпы жұмысқа қосылмайды, бірақ есепке алынады және бағаланады. Қосымша 10 беттен аспауы тиіс. Әр қатысушы бір бағыт бойынша қорғайды. Жұмысты қорғау уақыты- 7 минут. Ұсынылған жұмыстарға ой-пікір жазылмайды, I, II, III орын алған жұмыстар қайтарылмайды.

Слеттің жалпы шарттары

Слетке қатысушылар төмендегі мәліметтер берілуі тиіс:

- Жетекші ауданның жалпы ауылдарының тарихын электронды CD немесе DVD дискісінде және электронды почтаға (evrasia_centre@mail.ru) жіберуі тиіс.
- Үлгі бойынша сұраныс (15.03.2018 ж.дейін).
- Жұмыс барысында пайданылған фотолар JPEG форматында болуы тиіс.
- Жұмыстар бір тілде (орыс ,қазақ) ұсынылуы тиіс.

Сұраныс үлгі:

Бағыты	Аты – жөні (толық)	Туған, жылы, күні	Мектебі, сыныбы	Жетекшісінің аты-жөні (толық) , тел номері, эл. адресі	Қажетті құралдар
--------	--------------------	-------------------	-----------------	--	------------------

Білім беру мекемесінің басшысының қолы, мөрі.